

ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ-ТАБЫСҚА ЖЕТУ ЖОЛЫ!

Бизнес және цифрлық технологиялар институтында «Student's scientific clubs promotion» атты ғылыми клубтар апталығы өтті. Іс-шара 2026 жылғы 30 наурыз бен 3 сәуір аралығында ұйымдастырылды. Оның негізгі мақсаты – студенттердің ғылыми-зерттеу белсенділігін дамыту және ғылыми бірлестіктердің қызметін насихаттау.

Бағдарлама аясында қатысушылар өз клубтарының визиттік таныстырылымдарын ұсынып, соңғы үш жылдағы жетістіктерін көрсетті, сондай-ақ жаңа қатысушыларды тарту үшін креативті бейнероликтер дайындады. Студенттердің өнер көрсетулері олардың жоғары дайындық деңгейін, шығармашылығын және кәсіби дамуға деген ұмтылысын айқын көрсетті. Байқау қорытындысы бойынша институттың ғылыми клубтары арасында жеңімпаздар анықталды.

Екінші орынды «Демографиялық процестерді басқару» ғылыми клубы иеленді. Үшінші орынды «Бизнес және құқық» ғылыми клубы алды. Барлық жеңімпаздар мен қатысушылар дипломдармен, ақшалай сыйлықтармен және сертификаттармен марапатталды.

Мұндай іс-шаралар ғылымның студенттердің кәсіби қалыптасуындағы маңызды негіз екенін және болашаққа салынған инвестиция екенін дәлелдейді.

